

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Карл Маркс: Герман идеологиясы





**Мақсаты:** Карл Маркстың тарихты жекеменшік және еңбекті бөлу тұрғысынан қарастыру мәселесіне арнаған «Герман идеологиясы» еңбегінің бір бөлігімен танысу.

**Тірек сөздер:** еңбек, жекеменшік, еңбекті бөлу, билік құрушы тап т.б.

Бұл дәрісте Карл Маркстің еңбектерімен танысуды жалғастыра отырып, 1846 жылғы «Герман идеологиясы» атты жұмысы туралы талқылау жүргізбекпіз. Бұл еңбегінде К. Маркс адамзат тарихын кімнің билеп-төстегені және еңбек бөлінісінің қалай жүзеге асқандығы тұрғысынан қарайды. Сонымен қатар, ол XIX ғасырдың ортасындағы неміс ойшылдарының әлемді рухани идеялардың бейнеленуі деп түсінген пікіріне түбегейлі қарсы шығады. К. Маркс рух деген құбылыс мүлдем жоқ деп есептеді. Оның пікірінше өмір физикалық немесе түрлі материалдық негіздегі процестерден тұрады. Адам санасы да белгілі бір деңгейде, ғалымның пікірінше, осы физикалық процестердің бір бөлігіне жатады. Әрине, бүгінде маркстік бұл тұжырымның ғұмыры қысқа болғандығын уақыт дәлелдеді. Алайда ғалымның жекеменшік, ұлт, қоғам, таптар, идеология, еңбек бөлінісі т.б. ұғымдарға қатысты тұжырымдары әлі де өзектілігін жойған емес.

К. Маркс жеке тұлғалардың өмірі жалпы қоғамдық өмірдің айнасы, әрі олар мемлекеттің дамуына да тікелей байланысты екенін алға тартады. Адамдардың өмір сүру процесіне ғалым нәтижелік тұрғысынан қарайды, яғни адамның материалдық өнімі мен рухани өнімі тұрғысынан. Осы өнімдерді өнер тілінде сөйлетер болсақ. Көрнек өнері және тірнек өнері болып шығады. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған бұл категориялар адамның рухани қажеттілігі мен әу бастан бар жаратылыс қажеттіліктерін айқындап бергенімен құнды. Осы жүйе бойынша Байтұрсынұлы көрнек өнері/әдебиет, мәдениет, өнер салалары/адамның рухани дүниесіне қажет көркемөнерлер деп, ал тірнек өнерін адамның тіршілігі үшін қажет дүниелер/өндіріс, шаруашылық, құрылыс т.б./деп ұтымды түсіндіреді. Алайда А.Байтұрсынұлы мұнда материалистік идеяны негізге алған маркстік тұжырымның идеялық өзегін басшылыққа алмағанын айтуымыз керек.

Маркс идеялар әлемін, адам санасынан туған дүниелердің жемісін материалды шындықпен және адамдар арасындағы материалды қарым-қатынаспен байланыстыра отырып дәлелдесе, Байтұрсынұлы мұны өзінің әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде абсолютті, рухани шындыққа негіздеп түсіндіріп, жіктеп береді.

Ендігі кезекте антология мәтініне оралайық. Маркс тұжырым бойынша үстем тап өкілдерінің идеялары билеуші идея болып саналады. Демек, жеке мүлік болсын, бірізге қойылған кез келген жүйелік қатынастар болсын белгілі бір деңгейде бір идеяға жұмыс жасайтыны мәлім. Сәйкесінше сол идея да мүлік тәрізді жүйені басқарушы топтың меншігінде, яғни сол топтың идеясы болып саналады. Әрбір дәуірлердегі билік басына келген топтың идеясының басты идея болатыны да сол себепті. Төменде бұл тұжырымға жинақ құрастырушылары кеңірек тоқталады.

Маркс неміс идеологиясы еңбегінің аясында «Ұлттың дамуы және еңбектің бөлінуі» мәселесіне арнайы тоқталады.

Адамды жануарлардан (мақұлықтан) санасы, діні немесе Карл Маркс жазғандай, тағы да басқа құндылықтары бөліп тұрады. Адамдар өмір сүру құралдарын өндіре бастағанда-ақ, өздерін мақұлықтардан ажырата бастайды. Өмір сүру үшін құралдарды өндіре отырып, ер азаматтар өздерінің шынайы материалды өмірін жанама түрде қалыптастыра бастайды.

Еркектер өздерінің өмір сүруге арналған құралдарын өндіре бастауы шынайы өмір сүрудің сипатына байланысты. Өндірудің бұл тәсілі индивидуумның физикалық өмір сүруін жүзеге асыру жолы болып қарастырылмауы керек. Керісінше, бұл – индивидуумдардың іс-әрекетінің белгілі бір формасы, олардың өмір сүруінің белгілі бір формасы, өмір сүруінің тәсілі. Индивидуумдар өз өмірін қалай көрсетсе, олардың өмірі дәл сондай деген сөз. Сондықтан адамдар (еркектер) не өндірсе, олардың бейнесі дәл сондай болады деген сөз. Сөйтіп, индивидуумдардың жекелік сипаты олардың іс-әрекетін анықтайтын материалды шарттарға байланысты.

Бұл өндіру әрекеті халық тұрғындарының көбеюімен, өз кезегінде адамдардың бір-бірімен өзара байланысынан көрінеді. Өзара қарым-қатынастардың бұл формасы өндіріс арқылы айқындалады.



Әртүрлі ұлттардың өзара қарым-қатынасы олардың әрқайсысы өздерінің өндіру күшін қаншалықты деңгейде дамытқанына, еңбекті бөлуі мен ішкі қоғамдық қатынастарына байланысты. Ұлттардың өндіру күші қаншалықты дамыған болса, еңбектің бөлінуі де соншалықты айқын көрінеді. Әрбір жаңа өндіріс күші – бұрыннан танылған өндіріс күшінің сандық күйі ғана емес, еңбектің ары қарай дамуына әкеледі.

Елдің ішінде еңбекті бөлу өндірістік және коммерциялық еңбекті ауылшаруашылық еңбектен, демек, ауыл мен қаланы ажыратуға алып келеді. Одан ары қарай бөлу (жіктеу) коммерциялық еңбекті өндірістік еңбектен бөлуге жетелейді. Еңбекті осы салалар ішінде бөлу еңбектің белгілі бір түрінде өзара байланыс жасайтын тұлғалардың топтарға бөлінуін дамытады. Бұл топтардың қатысымды күйі ауыл шаруашылығында, өндірісте, саудада қолданылатын тәсілдермен байланысты айқындалады (патриархат, құлдық, сословие, таптар). Осы тәсілдерді әртүрлі халықтардың бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы айқындауға болады.

Жекеменшік формалары мен еңбекті бөлудің өзіндік ерекшеліктері бар. Еңбекті бөлуде дамудың әртүрлі кезеңдері – жекеменшіктің көпқырлы формалары, яғни еңбекті бөлудегі қолданылып жүрген кезең индивидуумдардың шикізат, құрал-саймандар мен еңбек өнімі арқылы бір-бірімен қарым-қатынастары арқылы айқындалады.

**Жекеменшіктің бірінші формасы – тайпалық.** Бұл – дамымаған өндірістік кезең: адамзат аңшылықпен және балық аулаумен, мал өсірумен немесе жер шаруашылығымен айналысады. Бұл кезеңде еңбекті бөлу әлі де болса қарапайым түрде жүзеге асырылады: еңбек тек бір отбасы аясында ғана табиғи жолмен бөлінген. Сөйтіп, әлеуметтік құрылым отбасының кеңеюімен шектеледі: көсемдердің патриархалды отбасы; сосын – тайпаның мүшелері; одан ары – құлдар. Құлдық – тұрғындар санының көбеюімен және сыртқы байланыстардың (әскери, айырбас саудасы) кеңеюімен ақырындап дамиды.

**Екінші форма – көне қауымдық және мемлекеттік меншік.** Бұл меншік түрі бірнеше тайпалардың өзара келісе отырып немесе басып алу жолымен қала болып бірігуі арқылы қалыптасады. Коммуналды жекеменшіктен басқа біз, Маркстің еңбегінен жылжымалы, одан ары жылжымайтын, жекеменшік мүлік туралы білеміз. Азаматтар тек өз қауымы ішінде ғана құлдарына билік жүргізе алады, сонда ғана олар қауымдық меншік формасымен байланысты бола алады. Қауымдық жекеменшік белсенді азаматтардың тек көп құлы болғандықтан ғана, бұл бірлестікте қалуына мүмкіндік береді. Коммуналды жекеменшікке негізделген қоғамның құрылымы және ондағы халық билігі жылжымалы жекеменшіктің өзгеруімен ыдырайды. Еңбекті бөлу дамып жатыр. Біз қала және ауыл аймағының арасындағы антагонизмді көреміз; кейіннен мемлекеттер арасындағы антагонизм қалалардың мүдделерін қорғайды. Қала ішіндегі антагонизм өнеркәсіп пен теңіз саудасы арасында өрбиді.

**Жекеменшіктің үшінші формасы – феодалды немесе мүліктік.** Антикалық кезеңде қалалардан және оның шағын ғана территориясынан басталса, ортағасырларда ауылдық аймақтарда басталған. Жерлер үлкен-үлкен аудандарға бөлініп, жерді басып алушылардың кесірінен дамымай қалған. Греция мен Римге қарағанда, феодалды даму римдік соғыстар мен ауылшаруашылығы дамыған территорияларда басталған.

Рим империясы құлдырауының соңғы жүзжылдығында рим жерін басып алған варварлар өндірістік күштерді жойды – ауылшаруашылығы қысқарды, кәсіпорындар нарықтың жоқтығынан дамымады, сауда жойылды немесе күштеп тоқтатылды, ауыл және қала тұрғындарының саны қысқарды. Феодалды меншік осы шарттарға байланысты айқындалды. Феодалды меншік герман әскери ұйымдарының ықпалымен қалыптасып, қауымға негізделді. Феодализм толыққанды дамыған кезде, қалаларға қатысты антагонизм туындады. Жер иеленудің иерархиялық құрылымы мен онымен байланысты рыцарлық дворяндыққа крепостнойлық шаруаларға билік құруға мүмкіндік берді. Бұндай феодалдық ұйым көне қауымдық меншік секілді өндірушілердің басыбайлы табына қарсы құрылған қауымдастық болды; алайда қауымдастықтың формасы мен кәсіпорындарға қатысы – өндірістің әртүрлі шарттарына қарай түрліше болды.

Жер иеленудің феодалды жүйесі қалалардағы корпоративті меншікке, сауданың феодалды ұйымына ұқсас болды. Мұнда мүлік әрбір жеке адамның еңбегінің түрінен құрылады. Кәсіпкер көпес болған замандағы ұйымдасқан қарақшылық дворяндыққа қарсы бірігу, қауымдық жабық нарыққа деген қажеттілік, шаруалардың бой көтеріп жатқан қалаларға қарқынды түрде



қашуы, ел ішіндегі феодалды құрылым – бұның бәрі гильдия құруға себеп болып саналады. Жекелеген қолөнершілердің капиталы жинақталып, тұрақтала бастады, қолөнершілер мен кіші шеберлердің өзара қарым-қатынасы дамыды. Қалаларда ауыл аймағындағыдай иерархия қалыптаса бастады.

Феодалды дәуірдегі жекеменшіктің басты формасы – бір жағынан, крепостнойлық еңбекпен байланысты жер меншігінен; екінші жағынан, кіші шеберлердің еңбегіне басшылық жасайтын индивидуумның шағын капиталынан құрылады. Екі форманың да құрылымы өндірістің шектеулі шарттарына – жерді қарабайыр өңдеу және өндірістің қолөнершілік типіне негізделеді. Феодализмнің өркендеуі кезеңінде еңбекті бөлу болмашы ғана болған. Әрбір елде қала және ауыл аймақтары арасында шиеленіс туындайды; айқын көрінген сословиелерге бөліну, князьдердің, дворяндардың, шіркеубасыларының және ауыл аймағындағы шаруалар мен шеберлердің, қолөнершілердің, кіші шеберлердің дифференциациясы байқалады. Ауылшаруашылығында жер учаскелерін иеленушіліктің қалыптасуына байланысты қиындық туындады, шаруалардың майдагерлік өнеркәсібі дамыды. Өндірісте еңбек жеке мамандықтарға жіктелмеді, жіктелсе де, болмашы ғана жүзеге асты. Өндірістің және сауданың бөлінуі ескі қалаларда көрініс берді, ал жаңа қалаларда – кейіннен, қалалар өзара қарым-қатынасқа түскенде ғана туындады. Ірі территориялардың феодалды мемлекетке топталуы жериеленушілік дворяндық, сондай-ақ, қалалар үшін қажеттілік болды. Билік құрушы таптар, дворяндықтың ұйымдасуы дегеніміз – билік басында монархтың тұруы.

Сондықтан мәселе мынада – белгілі бір қоғамдық-саяси қатынастарға белгілі бір белсенді тұлғалар ғана түсе алады. Эмпирикалық бақылау мистификациясыз және саудагерліксіз түрде өндірістің қоғамдық және саяси құрылымының байланысын анықтауы тиіс. Әлеуметтік және мемлекеттік құрылымдар нақты индивидуумдардың өмірінің дамуына байланысты үздіксіз эволюцияланып отырады. Индивидуумдар белгілі бір шарттарға және шектеулерге байланысты материалды заттарды еркінен тыс өндіреді. Идеялар, тұжырымдар мен сананың өндірілуі материалды шындықпен және адамдар арасындағы материалды қарым-қатынаспен, шынайы өмірдің тілімен байланысады. Жаңаны құру, ойлау, еркектердің арасындағы менталды қарым-қатынас бұл кезеңде материалды іс-әрекеттің ағымы секілді көрінеді. Дәл осылайша рухани өндіріс саясат тілінде, заңдар, адамгершілік қағидалары, дін, метафизика т.б. көрінеді. Адамдар – өздерінің түсініктері, идеялары т.б. өндірушілері – нағыз белсенді индивидуумдар. Себебі олар ерекше дамуы арқылы өздерінің өндіріс күшін дамытады. Сана – саналы өмір сүру деген сөз, адамдар – шынайы өмірлік процестерді дәлелдейді.

## Жекеменшік және идеология

Аспаннан жерге бағытталған неміс философиясына қарама-қайшы біз жерден аспанға қарай көтерілмекпіз, яғни адамдардың ерекшелігін түсіну үшін олардың не сөйлейтіні немесе не ойлайтынын басшылыққа алмаймыз. Біз өмірде бар әрі белсенді адамдардың шынайы өмірін мысал етіп, олардың идеологиялық құрылымын дамытамыз. Адам санасында қалыптасатын фантомдар материалды өмірлік процесті сублимациялайды. Оны эмпирикалық түрде тексеруге болады және ол материалды алғышарттармен байланысты.

Ахлақ, дін, метафизика және тағы да басқа идеологиялар мен оларға сай келетін сана еркін болып табылады. Олардың тарихы не даму жолы жоқ; алайда адамдар өздерінің материалды өндірісі мен материалды қарым-қатынасын дамыта отырып, сонымен бірдей өздерінің өмірін, ойлау қабілетін және ойлау қабілетінің өнімін өзгертеді. Өмір – санамен емес, сана өмірмен анықталады.

Алғашқы маңызды жайт – сана, оны тірі жан деп қарайық. Екінші жайт – шынайы өмір – шынайы тірі адамдар. Бұл жерде сана – шынайы адамдардың санасы.

Әрбір кезеңдері билік құрушы тап идеясы – басты идея болып табылады, яғни қоғамның материалды күшін басқаратын тап – оның билік құрушы интеллектуалды күші болып саналады. Өзінің иелігінде материалды өндіріс құралдары бар тап – сол материалды өндіріс құралдарына бақылау жасайды. Сондықтан кімде ойлау әрекетінің құралдары болмаса, идеясы болғандарға бағынады. Билеуші идеялар – басқарушы материалды қатынастардың идеалды көрінісі. Демек,



билеуші ретінде бір тап қалыптастыратын қатынастар идеяларды басқарушы етеді. Билік құрушы таптың өкілдерінің иелігінде көптеген құндылықтар болады, соның бірі – сана. Олар тап ретінде билік құрғандықтан, өз дәуірлерінің деңгейін де көрсетеді. Былайша айтқанда, олар өз заманының ойшылдары, өндірушілері, идеялардың басқарушылары. Осылайша олардың идеялары сол заманның басты идеялары болып табылады. Айталық, монархия, аристократия, буржуазия билік үшін таласқан елдерде билік олардың арасында өзара теңдей бөлінеді. Билікті бөлу докторинасы басты идея болып саналып, «мәңгілік заңдылық» ретінде көрініс береді.

Тарихтың қозғалыс күші ретіндегі еңбекті бөлу билік құратын таптарда әлі күнге дейін көрініс береді. Бұл – ой және материалды еңбек. Бір таптың ішінде еңбекті бөлу барысында олардың бір бөлігі – сол таптың ойшылдары (идеологтар), екінші бөлігі – осы идеяларға дайын топтар. Олар сөз етіліп отырған таптың белсенді мүшелері болып табылады.

Осы таптың ішінде еңбекті бөлу жоғарыдағы екі бөліктер арасында қақтығысты тудырады. Белгілі бір кезеңде революциялық идеялардың болуы – революциялық таптың болғандығын дәлелдейді.

Қазіргі таңда тарих барысын қарастыра отырып, біз билік құрушы таптың идеяларын сол таптың өзінен бөліп алып, бұл идеялардың жеке дамығанын айта кетуіміз керек. Былайша айтқанда, ешқандай зерттеулер жүргізбестен, тарихи кезең мен билік құрған идея бір-бірінен туындап, бірін-бірі дәлелдеп отырады десек, онда аристократия дәуірінде ар-намыс пен адалдық басқарушы идея болған, ал буржуазия дәуірінде еркіндік пен тепе-теңдік басты идея болған т.б. деуге мәжбүр боламыз.

Билік құрушы таптың өзі бұл сөзге келіспейтіні анық. XVIII ғасырдан бастап барлық тарихшылар әмбебап идеялармен бетпе-бет келеді. Ескі таптың орнына келген әрбір жаңа тап өздерінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін жеке тұлғалық мүдделерін қоғамның бүкіл мүшесінің мүддесі ретінде көрсетуге тырысады. Сонда өз идеяларына әмбебаптылық сипат береді.

Революция жасаушы тап – басынан бастап-ақ пайда болады. Себебі олар билік құрушы тапқа тап ретінде емес, қоғамның өкілі ретінде қарсы тұрады. Революция жасаушы таптың жеңіске жетуі – сол тап мүшелерінің билеуші қатарға көтерілуге қаншалықты мүмкіндік бергеніне байланысты айқындалады.

Француздық буржуазия аристократияның билігін тайдырғанда, көптеген пролетарийлер пролетариаттан биікке көтерілді. Оның бір ғана болмашы себебі болды – олардың буржуазия табына кіруі. Сонда әрбір жаңа тап өзінен бұрынғы таптан жоғары көтеріліп, өз гегемониясына қол жеткізеді.

Белгілі бір таптың ережесі – белгілі бір идеялардың ережесі форма болудан қалғанда, тоқтайды, яғни белгілі бір жаңа таптың құрылуымен ескі таптың ережелері жойылады.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Карл Маркс жекеменшіктің қандай тарихи формаларын ұсынады?
2. Өндірістің дамуы еңбекті бөлумен қалай байланысады?
3. Таптың жекеменшікті және өндіріс құралдарын иемденуі немен байланысты?